

1.Білім күні" Білімге ұмтылу: еңбексүйгіштік және отаншылдық

Сынып сағатының тақырыбы: Білімге ұмтылу: еңбексүйгіштік және отаншылдық.
(Менің жарқын жазғы оқиғаларым)

Мақсаты:

- білім алушылардың бойында оқуға құштарлық пен білім алуға деген ұмтылысын қалыптастыру;
- білім алушылардың бойына отаншылдық, құрмет және азаматтық сана құндылықтарын дарыту;
- өзара құрмет пен түсіністікке негізделген мектеп мәдениетін қалыптастыру.



2.Сабақтың тақырыбы: «Жолда жүру ережесін сақтаймыз!»

Сабақтың мақсаты:

1. Оқушыларды жол белгілерімен, жолда жүру ережелерімен таныстыру.
2. Жол қауіпсіздігі сақталмаған жағдайда кездесетін жарақаттар немесе түрлі жағдайлар туралы әңгімелеу.
3. Оқушыларды көшеде дұрыс жүріп, жол ережелерін, қауіпсіздігін білуге, есте сақтауға тәрбиелеу.


Көрнекілігі: Бағдаршам, жол белгілері салынған суреттер, интерактивті тақта.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі: Оқушылар назарын сабаққа аудару.

Шаттық шеңберіне тұру.

Бағдаршам түстеріне байланысты топтарға бөлу.



3.Тәрбие сағаты: «Діни экстремизм»

Мақсаты: Діни-саяси экстремизм - діттеген саяси мақсаттарына қол жеткізу үшін, дінді қалқан ете отырып әрекет етуші, дінге ешқандай қатысы жоқ іс-қимыл. Басқаша атағанда - терроризм (лаңкестік). Мұндай әрекеттер көбіне мемлекеттің құрамын күшпен өзгертуге немесе үкіметті басып алуға бағытталады. Міне осындай қауіпті жағдайға айналған әрекеттерді оқушылардың іске асырып жаман әдеттерге елігіп кетуіне қарсы тұруды үйрету

Қолданылатын құрал-жабдықтардың тізімі: тақта, плакаттар, проектор

Көрнекіліктері: презентация



4.Тақырыбы: «Кітап-білім бұлағы»

Тәрбие сағатының мақсаты:

Кітап-сарқылмас рухани қазына дей келе,білімнің кітап арқылы берілетінін ұғындыру. Кітаптың адам өміріндегі маңызы,ғылым мен білімнің пайдасы жайлы түсіндіру.Кітапқа деген қызығушылығын арттыру.Оқулықтарын күтіп ұстауға үйрету.

Білімділік: Білімнің кітап арқылы берілетінін, адам өміріндегі маңызы,ғылым мен білімнің пайдасын түсіндіру

Тәрбиелік: Кітапты таза ұстауға,тазалыққа, мейірімділікке баулу, тәрбиелеу.

Дамытушылық: Кітапқа деген қызығушылығын арттыру, білімге құштарлығын ояту



5.Тақырыбы: Ұстазым- ұлағатым, үлгі-өнегем

Мақсаты: Әр баланың екінші анасындай көретін ұлағатты ұстаздардың ерен еңбектерін бағалау, құрметтеу. Оқушылардың өлең шумақтары арқылы ой-өрістерін дамыту, ұстаздарына деген құрметін сезіндіру.

Күтілетін нәтиже: Ұлағатты ұстаздар еңбегін бағалай біледі. Өлең шумақтары арқылы ұстазға деген сезімдері оянады.

Көрнекілігі: Сахналық безендіру жабдықтары, интерактивті тақта, бейнежазба, презентация, гүлдер.



6. Тақырыбы: «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!»

Мақсаты: Қоғамның әр-түрлі орталарындағы сыбайлас жемқорлықтың алдын – алу, профилактикалық жұмыстарын насихаттау; сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңдарды негізге ала отырып, құқықтық мағлұмат беру, білімдерін дағдыландыру; саяси өмірден хабардар жеке тұлғаны қалыптастыра отырып, шәкірттердің еркін сөйлеуіне, қоғамға деген өз ой - пікірлерімен санасуға жағдай жасау, ҚР-на адал қызмет етуге, Ата заңды құрметтеуге, адамгершілікке тәрбиелеу.

Көрнекілігі: Тақырыптық слайд, бейнебаян.



7. Тәрбие сағатының тақырыбы: Қазақстанның мәдени ескерткіштері

Тәрбие сағатының мақсаты:

Оқушыларға Қазақстанның мәдени ескерткіштерін таныстыру, олардың тарихы мен ерекшеліктерін түсіндіру.

Оқушылардың ой-өрістері мен білімдерін жетілдіру. Тарихи деректердің маңыздысын аша білуге және материалдарды диалектикалық тұрғыдан талдай білуге дағдыландыру.

Тарихи орындарды сақтауға, қорғауға тәрбиелеу. Туған жерлеріндегі мәдени орындарды таныту. Мәдени ескерткіштердің тәрбиелік мәнін ашу.

Тәрбие сағатының түрі: Танымдық сабақ.



8. Сабақтың тақырыбы: «Отбасы- бақыт мекенім»

Мақсаты: «Отан отбасынан басталады». Отанға деген, отбасыға деген сүйіспеншіліктерін арттыру. Ата-аналар мен балаларды сайысқа қатыстыра отырып, олардың отбасылық тәрбие туралы білімдерін кеңейту, тәрбиенің үздік үлгілерін насихаттау.

Ата-аналардың мектеппен, мұғаліммен, басқа ата-аналармен тұрақты қарым-қатынасын қалыптастыру.

Бала тәрбиесіндегі ата-ананың алатын орнының ерекше екендігін түсіндіру. Жанұядағы ата-ана және бала арасындағы қарым-қатынасты нығайту. Ата-анаға деген бала махаббатын ояту. Мектеп, ұстаз, ата-ана бірлігін нығайту. Отбасы мүшелері арасындағы бауырмалдық, қайырымдылық, достық қарым-қатынасты қалыптастыру, үлкенді сыйлауға, сыпайы, ілтипатты болуға тәрбиелеу.

Түрі: Ата-аналар мен балалардан құралған топтар арасындағы сайыс түрінде өтеді.

Көрнектілігі: Әр отбасына арналған слайд-шоу, бейнесюжеттер, нақыл сөздер, шарлар.



9. Тақырыбы: «Әке көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер» сынып сағаты

Мақсаты: Отбасындағы әке мен ер азаматтың ролінің мәнін ұғындыру, әрбір тұлғаны тәрбиелеу туралы ой - пікірлермен бөлісу. Әдісі: ой қозғау, пікірталас

Барысы:

I. Кіріспе бөлім Әке көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер

II. Көрініс көрсету.

III. Ашық пікір тыңдау.

IV. Сергіту сәті.

V. Ситуациялық жағдаяттарды шешу.

VI. Қызықты сұрақтар.

VII. Қорытынды.



